# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ тілі |
| **Мұғалім** | Исабекова Айгүл |
| **Мектеп, сынып** | Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қарашілік ауылы, Қарашілік орта мектебі, 3-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Зат есім және оның түрлері |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | Зат есімнің түрлері туралы тақырыпты түсінеді, алған білімін тапсырмаларды орындағанда қолданады. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар білуге тиісті:**<br>Жаңа білімге мысалдар келтіре білуі, зат есімнің сұрақтарын қоя алауы керек.<br>**Оқушылардың көпшілігі білуге тиіс:**<br>Тақырып мазмұнын түсінуі тиіс, жалқы есіммен жалпы есімдерді ажырата алуы керек.<br>**Кейбір оқушылар білуге тиіс:**<br>Оқулықтағы тапсырмаларды өз бетінше орындауы, сабақтың мақсатын айқындай алатын болады. |
| **Сабақтың әдіс-тәсілдері:** | 1. Топтау стратегиясы.<br>2. Семантикалық карта.<br>3. Тәтті сұрақтар стратегиясы.<br>4. Кубизм стратегиясы.<br>5. Автор орындығы.<br>6. Кластер.<br>7. Блум түймедағының алты күлтесіндегі сұрақтар.<br>8. Қобдишадағы сұрақтар. |
| **Көрнекіліктері** | Электронды оқулық, суретті қима қағаздар |
| **Пайдаланған модульдер** | Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық, талантты және дарынды балаларды оқыту, сыни тұрғыдан ойлануға үйрету, оқу мен оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ресурстар, дерек көздері** | Қазақ тілі (3-сынып) оқулығы, әдістеме, ғаламтор, электронды оқулық, BilimLand ресурстары. | |
| | Қазақ тілі – бал тілім.<br>Өзің барда шалқыдым.<br>Тілімнен нәр табармын,<br>Тіліме кім тағар мін – деп, қазақ тілі сабағын бастаймыз. | |
| **Психологиялық ахуал** | Жарқырап күн де ашылды,<br>Айналаға нұр шашылды.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,<br>Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.<br>Мақсатымыз – білім алу,<br>Міндетіміз – еңбектену.<br>Еңбектену арқылы<br>“5 “-ке қолды жеткізу! | Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. |
| | I топ Түбір<br>II топ Жұрнақ<br>III топ Жалғау | Әр топ өз топтарының атын қорғайды. Түбір, жұрнақ, жалғаудың ережелерін еске түсіріп, дәлелдейді. |
| **Қызығушылықты ояту «Блум түймедағының алты күлтесі» әдісі** | **1. Қарапайым сұрақтар**: Зат есім деген не?<br>**2. Анықтаушы сұрақтар**: Зат есім заттардың несін білдіреді?<br>**3. Түсіндіруші сұрақтар:** Зат есімнің сұрақтарын ата.<br>**4. Шығармашылық сұрақтар**: Берілген сөздер қатарынан артығын алып таста.<br>**5. Тәжірибелік сұрақтар**: Сөздерге сұрақ қой.<br>**6. Бағалау сұрақта**р: Сөздер мен сөз таптарын сәйкестендір.<br> | |

**Үй тапсырмасын бекіту кезеңі**

**Зат есім**

**1-топ**. **«Кім болам?»** мамандық  иелерін атап жіберейікші.




**6 слайд**

Мамандықтың бәрі жақсы. Мамандық иелеріне қандай сұрақтар қойылды?    (Кім?)

**2-топ. Семантикалық  карта  толтыру арқылы орындау.**
**(7 слайд)**

| **Зат есімнің түрлері** | **Зат есім** | **Етістік** | **Сан есім** | **Сын есім** |
|---|---|---|---|---|
| **Биледі** | | | | |
| **Акку** | | | | |
| **Әдемі** | | | | |
| **Жеті** | | | | |
| **Әдепті** | | | | |
| **Окушы** | | | | |
| **Тындады** | | | | |
| **Бес** | | | | |

**3-топ. Кластерді толықтыру (әр қатардағы сөздерді жинақтап бір сөзбен қалай атауға болады?)**

Түйе, сиыр, қой, жылқы, ешкі –  ......

Кесе, қасық, ожау, қазан, тостаған – .......

Қияр, сәбіз, қызылша, қауын, қарбыз – ......

| | |
|---|---|
| | <br><br><br><br><br> |
| **Мағынаны тану кезеңі**<br><br> | **7-жаттығу. Сөйлемдерден дыбысталуы бірдей сөздерді тап. Неліктен олардың біреуі бас әріптен, ал екіншісі кіші әріптен жазылған?**<br><br>1-топ. Тәтті жемістердің бірі – <u>алма.</u> Қыздардың  арасынан <u>Алма</u> суырылып алға шықты.<br>2-топ. Ол анасына әдемі, ашық түсті раушангүл сыйлады. <u>Раушангүл</u> – сыныптағы озат оқушылардың бірі.<br>3-топ. Анасы дүкеннен бірнеше <u>анар</u> сатып әкелді.  Оқушылар <u>Анарды </u>туған күнімен құттықтады.<br><br>Әр топ жалқы есімі бар сөйлемді дәптерге көшіріп жазады. |
| **Ой қозғау  кезеңі** | Видеожинақ – Танымдық фильмдер – Жалқы есімдердегі бас әріп.<br><br>BILIM Land<br><br>http://bilimland.kz/kk/home#lesson=11859 (00:54 бастап)<br><br>Жалқы есіммен жалпы есімдер туралы  ереже қорыту. |
| **«Кім жылдам?»** ойыны | **8-жаттығу. Суретпен жұмыс. Әр топ суреттегі қыздарға ат қойып, сурет бойынша сөйлем құрап жаз. Жалқы есімдердің астын сыз.**<br>**9-жаттығу. Көп нүктенің орнына жалқы есімдерді қойып жаз.**<br><br>1-топ. Қазақстан қалалары:.....<br>2-топ. Қазақстанның көлдері: .... |

| | |
|---|---|
| | 3-топ. Ауыл аттары:  ..... |
| | **10-жаттығу. Суреттегі үй жануарлары мен үй хайуанаттарына  ат қой.**<br><br>*Мектепке дайындық – сөйлейтін суреттер – жаттығулар – үй жануарлары.*<br><br>**http://bilimland.kz/kk/home#lesson=9462**<br>1-топ. 4 сурет .....<br>2-топ. 12 сурет  ....<br>3-топ. 6 сурет  ..... |
| **«Қобдишадағы сұрақтар»** әдісі | Әр топқа қобдишадан сұрақтар алып, жалқы есім мен жалпы есім туралы білімдерін тиянақтайды.<br><br>http://imektep.kz/zhalpi-esim-zhane-zhalki-esim  ресурсы бойынша жалқы және жалпы есімдер туралы әр топтағы оқушылардың жауабын салыстырып, бағалау. |
| **Сергіту сәті** | Аппақ болып таң атты,<br>Түтін тік боп шығады.<br>Гүлге қонған көбелек,<br>Самғап биік ұшады.<br>Қоюланып қара бұлт,<br>Төкті жаңбыр себелеп.<br>Жапырақты жамылып,<br>Бұға қалды көбелек. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Ойын «ҚИСЫН БОЙЫНША АРТЫҒЫН ТАУЫП, ЖАУАПТАР ҚОРАБЫНА САЛЫҢЫЗ.<br><br>http://imektep.kz/iw_460<br>қыз, көше, Алматы, ұл<br>өзен,көл, тау, Алан<br>қала, Дала,Том,Алан<br>Астана, мемлекет, Перу, Қазақстан</td>
<td>Оқушылар АКТ-мен жұмыс жасайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Ой толғаныс<br>Постермен жұмыс</td>
<td>1-топ. Мұғалім (кім?) зат есім<br>Жалпы есім жалқы зат есімге айналдыру<br>Жекеше түрдегі – көпше з.е<br>2-топ. Балықшы<br>3-топ. Күйші</td>
<td>Сөздерді оқып, зат есім екенін дәлелдеу.</td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытындылау</td>
<td>СҰРАҚТАРДЫҢ ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАУЫП, БЕЛГІЛЕҢІЗ.<br><br>http://imektep.kz/iw_461<br>
<table>
<tr>
<td>1. Жалқы есімді табыңыз.<br>Әуезов көшесі<br>Қала<br>Тау<br>Өзен</td>
<td>2. Жалпы есімді табыңыз.<br>Алматы қаласы<br>Әуезов көшесі<br>Ертіс өзені<br>Қала</td>
<td>3. Жалқы есімдер қалай жазылатынын көрсетіңіз.<br>Бірге<br>Бас әріппен<br>Кіші әріппен<br>Дефис арқылы</td>
<td>4. «Төле би көшесі» деген сөз қандай есімге жататынын белгілеңіз.<br>Жалпы есімге<br>Сын есімге<br>Жалқы есімге<br>Сан есімге</td>
<td>5. Фильм не туралы екенін көрсетіңіз.<br>Сан есімдер туралы.<br>Жалқы, жалпы есімдер туралы.<br>Сын есім туралы<br>Қалалар туралы.</td>
</tr>
</table>
</td>
<td>Дұрыс жауабын табады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма</td>
<td>Енді, күнделікті ашайық.<br>Үй тапсырмасын жазайық.<br>Бүгінгі  алған білімді,<br>Ұмытпай есте сақтайық.<br>Дәптермен жұмыс.<br>17- жаттығу.</td>
<td>Күнделіктеріне жазып алады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау</td>
<td>Көңіл-күй аралы.</td>
<td>Бағалау.<br>Оқушылар жинаған дөңгелекшелерін</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. | санайды, сол арқылы бағаланады. |
| **Кері байланыс** | <br> | Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады |